



ҰЛТТЫҚ ЖОБА

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген «Қолжетімді интернет» ұлттық пилоттық жобасын іске асыру жоспарлары қаралды.

«ҚОЛЖЕТІМДІ ИНТЕРНЕТ»

ЦИФРЛЫҚ ХАБ
ҚАЛЫПТАСТЫРУЫ ТИІС

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин ұлттық жобаның негізгі мақсаты азаматтар мен бизнесті кемінде 100 Мбит/с деңгейінде жоғары жылдамдықты интернет желісімен қамтамасыз ету екенін баяндады. Осылайша 60 мың шақырым кабельдік телекоммуникация инфрақұрылымын салу арқылы 3 мыңнан астам ауылды интернетпен қамту жоспарланып отыр. Шалғайдағы шағын ауылдық елді мекендерді кеңжолақты интернет желісімен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін ғарыштық байланыс жүйесін пайдалану көзделіп отыр.

Сонымен қатар 17 000 шақырым республикалық және негізгі облыстық автожолдарды мобильді интернетпен қамту бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Ол үшін 480-нен астам тиісті антенна-директі құрылыстарды орнату жоспарланып отыр. Сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен кейбір облыс орталықтарында 5G ұялы байланыстың жаңа буыны енгізіледі. 2027 жылға қарай әрбір республикалық маңызы бар қала мен астананы қамту 75 пайызды, ал облыс орталықтарын қамту 60 пайызды құрайды деп күтілуде.

Ұлттық жоба аясындағы жекелеген бағыт – мектептердің интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта 3 063 мектепте интернет жылдамдығы артты, ал осы жылдың қыркүйегіне дейін тағы 1 402 мектепте дәл осындай жұмыс жүргізілетін болады. Интернет жылдамдығын арттырудың техникалық мүмкіндіктері жоқ 2 003 мектепке дейін талшықты-оптикалық байланыс желілері (ТОБЖ) жеткізілмек.

Ұлттық жобаның тағы бір мақсаты – Қазақстанды аймақтық цифрлық хаб ретінде қалыптастыру. Ол үшін Каспий теңізінің қайраңымен ұзындығы 380-400 шақырым болатын ТОБЖ тарту қажет. Бұл ретте транзит пен халықаралық трафикті сақтау үшін Tier-III деңгейінен төмен емес деректер орталығын құру қажет. Осылайша жоғарыда аталған жобаларды іске асыру деректердің халықаралық транзитінің баламалы бағытын және ел нарығына кемінде 3 «BigTech» компаниясын (Google, Amazon, Microsoft) тартуды қамтамасыз етеді.



ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ЖАҢА

АВТОБУСТАР



Тараз қаласының қоғамдық көліктері тағы да су жаңа автобустармен толықты. Нақты айтсақ, «№1 Тараз автобус паркі» ЖШС 20 «Zhong Tong» маркалы автобустарын сатып алған. Ұзындығы 8,5 метрді, жалпы сыйымдылығы кемінде 55 адамды тасымалдау мүмкіндігі бар бұл қоғамдық көліктер №11, 46, 28, 55 бағыттары бойынша жолаушы тасымалдамақ. Халықтың игілігіне қызмет ететін автобустарды салтанатты тапсыру рәсіміне облыс әкімі Нұржан Нұржігітов қатысты.

Сонымен қатар «ӘулиеатаТрансПасс» ЖШС автобус паркін толықтырған үлкен сыйымдылықты «Zhong Tong» маркалы 3 автобус №19 бағытқа қосымша қызмет көрсетіп, олардың жүру жиілігі 14 минуттан 10 минутқа қысқармақ. Қалаға жеткізілген жаңа автобустардың біреуінің құны 38 миллион теңгені құрап отыр.

Облыс орталығындағы қоғамдық көліктердің жетіспеушілігіне қатысты мәселені субсидия арқылы шешу қолға алынды. Ол үшін бюджеттен 2 миллиард 200 мың теңге көлемінде қаржы қаралды.

Біз жыл сайын 70-100 жаңа автобус алу керекпіз. Алдағы үш жылда қоғамдық көліктер паркін жаңалап, жаңа бағыттармен шалғай тұрғын алқаптарды қамтуға тиіспіз. Қоғамдық көліктерді баламалы отын көзіне

ауыстыру бойынша да жұмыстар атқарылуда, – деді аймақ басшысы.

Ал қала басшысы Б.Орынбековтің айтуынша, қалада әлі де автобус тапшылығы туындап отырғаны жасырын емес. Нақтырақ айтсақ, шағарға 200 автобуска қажеттілік бар. Бүгінгі таңда қалада 9 тасымалдаушы мекеме болса, олардың барлығы 35 бағыт бойынша жолаушылар тасымалдайды. Күн сайын шағар көшелеріне 350 автобус шығады екен. Мұның өзі жеткіліксіз.

Жолаушылар көлігі тасымалын жандандыру, жетілдіру және де тұрғындарды жолаушы көлігімен толық қамтамасыз ету мақсатында 2023-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленген болатын. Биылдың өзінде қалаға 70 жаңа автобус жеткізу жоспарлануда. Жоғарыда аталған жоспар бойынша 3 жыл көлемінде 120 аялдама орнату, аялдамаларға 90 жарық диодты цифрлық таблолар орнату, кемінде 200 автобус сатып алу, жаңа 15 жолаушылар бағыттарын ашу, күнделікті қызмет көрсететін автобустар санын 460-қа дейін арттыру көзделіп отыр, – дейді қала әкімі Бақытжан Орынбеков.

Осы мақсатта «СапарТранс-2012» ЖШС тарапынан кемінде 10 «Yutong» маркалы автобустарды қыркүйек айында жеткізуді қолға алса, «ӘулиеатаТрансПасс»

ЖШС жыл аяғына дейін қосымша 25 автобус жеткізу жоспарлап отыр екен. Бұған қоса «City Bus» ЖШС-мен 60 автобус жеткізуге қатысты меморандум жасалған. Аталған автобустар 3 жылдық жоспарға сәйкес жаңадан ашылатын бағыттарға қызмет көрсететін болады.

Бытыр 20 автобус әкелгенбіз. Биыл сол үрдіс қайталанып отыр. Автобустар базасы жаңарып қалды. Мекемізде 85 пайыз автобус жап-жаңа. Ең ескі дегендері 2018 жылғы көліктер. Алдағы уақытта қоғамдық көлік жүргізушілерінің еңбекақысын көтерсек деп отырмыз, – деді «ӘулиеатаТрансПасс» ЖШС директоры Рашид Пірманов.

Сонымен қатар облыс орталығындағы абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын жүйелі түрде жүзеге асырып келе жатқан «Жасыл Ел-Тараз» ЖШС-на да жаңа техникалар табысталды. Серіктестіктің техникалық базасы жолдарды күтіп ұстау және жүк тасымалдау үшін жыл бойы пайдалануға арналған 5 аралас жол машинасымен, 1 қалдықтарды тиеуге арналған бүйірлік тиегіші бар қоқыс тасушы техникамен және «КамАЗ-65115» шассиндегі кран-манипулятором толықты.

Эльмира БАЙНАЗАРОВА

ЖАЗЫЛЫМ -2023



ЕНДІ ГАЗЕТКЕ
KASPI.KZ
ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ



ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

«AQ JOL»

Жеке тұлғалар үшін:
6 айға **3520,26** теңге

Заңды тұлғалар үшін:
6 айға **3770,22** теңге

«AR-AI»

Жеке тұлғалар үшін:
6 айға **2804,70** теңге

Заңды тұлғалар үшін:
6 айға **3 054,66** теңге



KASPI қосымшасы арқылы жазылу үшін
+7 071 337 61 30 нөміріне хабарласыңыз немесе
WhatsApp мессенджеріне жазыңыз.

Құрметті жазылушылар және Тараз қаласы мен облыс тұрғындары!
«Қазпошта» АҚ Жамбыл облыстық филиалы
3 сәуір күні облыс аумағында 2023 жылдың 2-жартыжылдығына
«Жазылым кампаниясының» ашылатындығын хабарлайды.
Құрметті оқырман қауым, сүйікті басылымдарыңызға дер кезінде жазылуды
ұмытпаңыздар!

Қосымша сұрақтарға арналған байланыс телефондары:
Жазылым бойынша: 8 (7262) 999-318, ішкі: 78077, 78078;
Жеткізу қызметі бойынша: 8 (7262) 999-323, ішкі: 78084, 78066;
E-mail: zhanat.ashirimbet@kazpost.kz

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСЫ

ТӨРТ КҮНДІК ЖҰМЫС АПТАСЫ ЕНГІЗІЛЕДІ



Бірқатар сала қызметкерлері шілдеден бастап төрт күндік жұмыс аптасына көшеді. 1 шілдеден бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қабылданған Еңбек кодексіне өзгерістер енгізіледі.

Еңбек кодексіне сәйкес бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы, сондай-ақ толық емес жұмыс аптасы қарастырылған. Бұл жерде жұмыс уақытының ұзақтығы тараптардың келісімі бойынша анықталады. Бұл ретте жекелеген өндірістерде өртүрлі апталарда бір мезгілде бес күндік және төрт күндік жұмыс аптасын белгілеу қажеттілігі туындайды.

Еңбек кодексінің 71-бабының 3-тармағындағы жұмыс уақытының режимі мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылады: тараптардың келісімі бойынша еңбек шартында бес күндік немесе

алты күндік жұмыс аптасымен кезектесу құқығымен төрт күндік жұмыс аптасын белгілеуге жол беріледі.

Осыған байланысты Кодекстің 78-бабының 2-тармағы үстеме жұмыстардың шекті санын 4, 5 күндік жұмыс аптасына бөледі: үстеме жұмыстардың жалпы ұзақтығы жұмыс уақытының жиынтық есебін белгілеу кезінде айына он екі сағаттан – төрт күндік, бес күндік және алты күндік жұмыс аптасында және жылына жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс.



Сотқа дейінгі
банкроттықты кімдер
рәсімдей алады?



Қауіптен хабар беретін
құрылғы



Кәсіпке баулитын
колледж



Байқау



ҰЛЫ ТҰЛҒА Цылықталды

тереңдете оқытатын мамандандырылған мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Аян Шораев бас жүлдені жеңіп алды. Т.Рысқұлов ауданындағы Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы Ырысқұл Айбазар I орынды иеленсе, №13 орта мектептің 5-сынып оқушысы Нұрлан Дулат пен Жуалы ауданының Б.Момышұлы ауылындағы М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектептің 10-сынып оқушысы Саят Сапарбек II орынға лайық деп танылды. Ал III орынды Тараз қаласындағы №24 гимназияның 10-сынып оқушысы Жиенбай Еркебұлан, Байзақ ауданының Байзақ ауылындағы №4 мектеп-лицейдің 5-сынып оқушысы Ұлжан Жүсіпқызы, Т.Рысқұлов ауданындағы Ә.Бөкейханов атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Мурат Наурызбай теңдей бөлісті.

Байқау соңында барша қатысушыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Асанәлі Әшімов шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен және «Асанәлі Әшімовтың өнер мен мәдениетті қолдау қорының» демеушілігімен мектеп оқушылары арасында «Өнердегі өр тұлға» атты облыстық поэтикалық шығармалар байқауы өтті. Ықылас Дүкенұлы атындағы Тараз қалалық мәдениет үйінде өткен мәдени шараның мақсаты – ҚР Еңбек Ері, КСРО және Қазақ ССР Халық әртісі, дарынды актер және режиссер А.Әшімұлының өнердегі

биік жетістіктерін бүгінгі ұрпаққа кеңінен насихаттау.

Байқауға облыс бойынша 38 оқушы қатысты. Жиынды облыс әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы башысының орынбасары Сара Мәдиева кіріспе сөзімен ашып берді.

Асанәлі Әшімұлының өнер жолындағы мол мұрасын насихаттай отырып, ұлы актердің есімін өскелең ұрпаққа кеңінен таныту мақсат етілген додаға төрелік еткен қазылар алқасының құрамында ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын Құрманғазы Демешев және облыстық халық

шығармашылығы орталығының көркемдік жетекшісі Азамат Байжанов болды. Ал қазылар алқасының төрағасы – ҚР Мәдениет қайраткері, асанәлітанушы – Талғат Сұлтангереев.

Байқауда Абай атындағы дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін

Нұржан ӘЛШ

Патриотизм

«МЕН ОТАНДЫ ҚОРҒАУҒА ДАЙЫНМЫН!»

Тараз қаласындағы «Жастар аллеясында» облыс әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының облыстық жастар ресурстық орталығы мен облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен жастар арасында «Мен Отанды қорғауға дайынмын!» атты облыстық патриоттық акциясы өтті.



Акцияның мақсаты – жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру және әскер қызметінің беделін көтеру. Жастардың бойына қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

Аталған іс-шараға әскери қызметкерлер мен ардагерлер, Тараз қаласының арнаулы орта оқу орындарының алғашқы әскери дайындық пөні

оқытушылары, студенттер, әскери кафедра қорсаңтары, әскер қатарына шақырылушылар мен атаналары қатысты.

– Өз елінің патриоты болу, әскерге барып, еліне қызмет ету – әрбір жас қазақстандықтың міндеті. Біздің бабаларымыз батырлығымен елін қорғап, ұрпағының болашағы үшін, отанның келешегі үшін күрескен жауынгер болған. Енді біз де сол бабаларымыздай ер жүрек

болуымыз керек. Атақты батыр Бауыржан Момышұлы атамның «Ерлік – елдіктің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деген аталы сөзі бар. Жастар сол аталы сөзді өзіне ұран қылып ұстап, Отан алдындағы борышын адал атқаруы керек, – деді облыс әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Зұлпыхар.

Патриоттық іс-шара ары қарай рухты өндермен жалғасын тапты. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының әскер қатарына шақырылғандары салтанатты түрде шығарып

салуға жиналғандар болашақ сарбаздардың Қазақстан Республикасы Конституциясын қалтқысыз сақтаудағы, тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетудегі мәртебелі қызметтеріне тілектестік білдіріп, Отан алдындағы борышын абыроймен атқаруға шақырды. Сондай-ақ әскердің айынын асқақтататын жас сарбаздарға құрмет көрсетіліп, оларды салтанатты түрде шығарып салды.

Шапағат ӘБДІР

Көрме

«КІТАП – САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА»

Қалалық орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесінің №6 кітапханасының коворкинг орталығында «Жастар кітап әлемінде» жобасы аясында «Оқуға құштар жастар – тәуелсіздік тірегі» тақырыбында оқырман конференциясы өтті.



Жастар – біздің еліміздің жарқын болашағының кепілі. Іс-шара оқырмандардың назарын кітап оқуға баулу, руханиятқа бай орта қалыптастыру, оқырмандарды жаңа кітаптармен және жаңа авторлармен таныстыру мақсатында ұйымдастырылды.

– Кітапхананың жас оқырмандармен

жұмыс істеудегі ең маңызды қызметі – көрме қызметі, оның мақсаты мен міндеттері кітапхана қорларының байлығын ашу. Осыған орай кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Кітап – сарқылмас қазына» атты кітап көрмесі ұсынылды.

Көрмеге өз бетінше оқуға арналған көркем әдебиеттің шытырман оқиғалар, тарихи,



фантастикалық әдебиет жанрында мемлекеттік және орыс тілдерінде кітап жаңалықтары топтастырылған, – дейді кітапхана меңгерушісі А.Бекпатшаева.

Конференцияда Тараз қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Абзал Есіркепов, Шерхан

Муртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының білімгері Азамат Намелбек, облыстық «Ғұмыр-Дария» газетінің тілшісі Нұрболат Аманбек, «Еркін ойлар алаңы» дебат клубының өкілі Фархат Қаумен қоңақ болды. Сондай-ақ М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің журналистика мамандығының және Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің студенттері де қатысты. Жиын барысында кітапхана меңгерушісі Айгерім Бекпатшаева да тақырыпқа қатысты ойын білдіріп, жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

«AR-AI»-ақпарат



МЕНШІК ИЕСІ «AULIEATA-MEDIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор –
Оралхан ДӘУІТ

Бас директордың орынбасары –
Алламыс ҚАЗЫБАЕВ

Бас редактор –
Түрсынбек СУЛТАНБЕКОВ

Бас редактордың орынбасары –
Жасұлан СЕЙІЛХАНОВ

Жауапты хатшы –
Шолпан БӨГЕНБАЕВА

«Экономика және саясат» бөлімінің меңгерушісі – **Нұрым СЫРҒАБАЕВ**

Тілшілер – **Нұржан ӘЛШ**
Ақтоты ЖАНАБАЙ

«Мәдениет және өнер» бөлімінің меңгерушісі – **Талғат НУРХАНОВ**

Тілшілер – **Айжан ӨЗБЕКОВА**
Шапағат ӘБДІР
Эльмира БАЙНАЗАРОВА

БӨЛІМДЕР:

Компьютер орталығының меңгерушісі – **Ғани СҮГІРӘЛИЕВ**

Дизайнер-беттеуші – **Фарица КЕНЖЕБАЕВА**

Корректор – **Ғалия САДЫҚОВА**

Фототілші – **Алтынбек ҚАРТАБАЙ**

«Arainfo.kz» сайтының контент-редакторы – **Аяулым ЖАМАНҚАРА**

Кезекші редактор: **Айжан ӨЗБЕКОВА**

Мақала авторы пікірінше редакция қолжазбасын білдіретін міндетті емес. Жарнама мен хабарландырулардың мөтіні мен тіліне жарнама беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілетемесіз коширін басуға болмайды. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды және авторлар қолжазбасы өңделмеі. Колемі бес компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданамайды. Кейбір суреттер интернет сайттарынан алынды.

Газеттің атнасына екі рет D2 форматта шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеді. Газет қалайы «Сенім» Жамбыл баспа орталығы» ЖШС-інде басылды. (Тараз қаласы, Төле би көшесі, 22)

Газет индексі – 66250, 16250

Талсырыс – № 164

Материалды жариялау ақымсыз төленген

Редакция телефондары:
Бос редактор: 8 (7262) 45-10-43
Тілшілер: 43-18-01
+7 7479212613

Мекенжайымыз:
080000, Тараз қаласы, Ү.Сүлейменов көшесі, 5, Шерхан Муртаза атындағы Баспасөз үйі (3-қабат)

Таралымы 4000